

84/5K0324M044

K94

# Կայսարակ

1841

1929



Եմ ԵՎԻՆԵՑ  
ՀԵ ՋԵԵՐԾՄ

ҚАШАҒАН КУРЖІМАНҰЛЫҚ



# Бұл әңгімада не діеетім

АЙТЫС, ДАСТАН, ӨЛЕҢ  
АРНАУ, ТОЛҒАУЛАРЫ

Ақтау 1991 ж.

## **ҚАШАҒАН КҮРЖІМАНҰЛЫ** **(1841 — 1929)**

Халық арасына жырлары кең тараған көрнекті сұрып-салма ақын — Қашаған Қүржіманұлы 1814 жылы Түркімен ССР-і, Ташауыз қаласының маңында туып, негізінен Маңғыстау ауданының «Қырықкез» жерінде өмір сүрген. Он төрт-онбес жасынан жалдамалы еңбекке араласады. Жетімдік пен жоқшылық, жұпны өмір болашақ ақынның жас жүрегін бұғаулай алмайды. Өмір соққысы жігерлі жасты шыңдал-шынықтырып өмірге құлшындыра түседі. Жасынан Атырау, Хиуа елдеріне кең тараған жырларды жаттай өскен Қашаған он алты жасынан-ақ ақын атанады. Қашаған бағзы өнерпаздар дәстүрімен көп елді аралаған. Маңғыстау, Хорезм аймағы мен Еділ, Жайық, Жем, Сағыз өзендерін жайлаған елдерде болып, Құрманғазы мен Нұрым, Ақтан мен Мұрат, Бала Ораз бен Қоспақ, Қашқынбай мен Құмшайыр, Өмір мен Үғылман сияқты өнер саңлақтарымен кездескен. Қашаған бүкіл жырларында бұқара атынан сөйлейді, еңбек адамының адамгершілігін жырлайды, бай мен биді, болыс пен молданы аяусыз шенейді, үстем тап өкілдерінің екіжүзділігі мен тоғышарлығын, сарандыры мен сұрқиялық әрекеттерін әшкерелеп, келеке етеді. Ақынның дін өкілдерін аяусыз шенеп, өнерді қорғаған жырларының озық үлгісі — «Есқали сұпыға айтқаны». Қашағанның «Қуандарған қу Бисен», «Мұстахқа», «Домбыраның қақпағы», «Ермағанбет молданы тілдеуі» дейтін өлеңдері де сарандық пен суайттық сияқты өмірді жүдетер сиықсыз мінездерді сынауға арналған. Ақын «Берекет ақынға», «Сақыпқа айтқаны» толғауларында ізгілікті насхаттап, әдепсіздікті әшкерелейді. Қашағанның Нұрыммен, Бала Оразбен айтыстары білім сынасу ретіндегі сайыстар болса, Ізіммен, Ізбаспен айтыстары — адамгершілік пен ізгілікті дәріптеу.

Қашаған тура да шыншыл, өткір де көркем шығармаларымен халық қадіріне бөленген бұқара жыршысы. Жырау жырлары Октябрьге дейін ел аралап ауызша тарады. Бірқатар шығармалары алғаш рет «Әдебиет майданы» (1935 — №6) журналында жарияланды. «Адай тегі», «Атамекен», «Топан» атты дастандарында халықтың басынан кешкен қылыш заман тарихы сипатталады.

**Қ. СЫДЫҚОВ.**

## БАСТАПҚЫ СӨЗІ, ЖЫР ҚОНУЫ

Баласының азамат болғанына қуанған Сөрсенбай той жасайды. Ол кезде Қашаған 16-17 жасында **болатын**. Осы тойда елден кеткеннен қайтып оралғанға дейінгі сапарын жырлап береді.

Ақын «Бастапқы сөзінде» сонау бала кезінен **бастап** ақын болғанға дейінгі өмір жолдарын толғаған. Бұл жырында ақындықтың қалай қонғаны жөнінде айтады.

Сол тойдан кейін Кашағанның ақындық **атағы** елге тарайды.

Нұлақ салсан жақсылар  
Атам бір қайтты дүниеден,  
Бес жаста жетім қалдырды,  
Басыма қайғы салдырды.  
Анам көрді жесірлік,  
Өзім **көрдім** жетімдік,  
Сүйтіп басым қанғырды  
Алты жаста еліктім  
Жеті жаста **желіктім**.  
Сегіз жасқа келгенде  
Бала болдым көрікті  
Тоғыз жасқа келгенде,  
Қадір білер ағалар:  
— Шырағым жүр, деп ергті  
Балалықты тастадым  
Он төрт жасқа келгенде.  
Есігінде әр **кімнің**  
Жұмыс істей бастадым  
Он бес жасқа келгенде,  
Таяқ алдым **қолымға**  
Халықтың түстім сүрлеу жолына.  
Ной айдауға жалданған  
Жер үйде **жатқан** бес **бекілші**  
Солардың ердім сонына  
Бір күндері келіп **Гурьевке**,  
Сергей деген көпескे  
Малай **болып жалданым**  
Көпестің малы көп екен  
Текеге **қойын** айдадым  
Аяқта шарық байладым

Жұмысқа басым сайладым  
Азығымды үнемдеп  
Цара сұңқар шайнадым  
Қөрдеубайдан көрдім қорлықты,  
Әбден сорым қайнады  
Жабағы жүннен сырулы  
Басымда шоқпыт беркім бар  
Шаршап қойдың соңында  
Жүдеу тартқан көркім бар  
Көпестің қөрдеубайлары,  
Қойға бар деп сабайды  
Бармасқа қандай еркім бар?  
Бір күндері болғанда  
Қөрдеубайлардан қатты таяқ жеп.  
Жабығыга қатты зарладым.  
Көзімнің жасы парлады  
Қайтайын десем ел алыс  
Насымда болмай бір таныс  
Жасағанға жалынып  
Жабығып қатты сарнадым  
Сол тұні ұйықтап жатқанда  
Ғайыптан келіп қасыма  
Бір қара кісі «тұр», — деді  
Мойныңды маған бұр, — деді, —  
Назарымды байқап андады  
Байқағанын айтайын  
«Ұйықтама, балам, «тұр» — деді  
«Мойныңды маған бұр» — деді  
«Налыма балам көзінді аш  
Өнер бердім елге шаш,  
Зейінің болса пайдаға ас  
Көпестен саған пайда жок  
Шамаң келсе, шырағым  
Таяғыңды таста, қойдан қаш  
Ендігі жөрде шырағым  
Өлең—жыр болады кәсібің.  
Ел үстінен болады нәсібің  
Жақсылардың дөuletін

Ортақ еттім өзіңе  
Ұлықсат бердім өзіңе»  
Осы сөздерді айтты да  
Батасын берді қол жайып' . . .

Алақандарын мол жайып  
Ұлықсат содан болғасын  
Жөнелдім сөзге мен байып  
Осылай нышан берді де  
Үйқылы ояу жатқанда  
Көзімнен болды ол ғайып.  
Оятты тартып қолымнан  
Түрегел деп жатқан орнымнан  
Айып етпен жақсылар  
Жаратылған жазмышта  
Несібе солай болғаннан  
**Текеден** әрмен өткенсін,  
Барған **жерлерді** айтайын  
Ақсу, Шаған, Дере тау  
Оларды да көрдік аман сау  
Ор деген судың бойымен,  
Осике деген көлінде

Караашекпен орыс жерінде  
Кой сонында жүріп қаңғырып  
Өзімнен өзім **желігіп**  
**Өлең-айттым** айқайлап,  
Тау-таспен даусым **жаңғырып**.  
Сүйтіп жүрген кезімде  
Піркәншіктері көпестің  
Бірін-бірі **шақырып**,  
Қонақ болып жиналып,  
Кеңескен екен отырып.  
Койдағы жүрген баланы  
Шаңырамыз деп ұйғарып  
Алып кел деп баланы  
Жіберген енен біреуді  
Ерттеулі сайлы ат беріп  
Атымды жазып сыртына  
Бір ширек қағаз хат беріп  
Қағазбен ісім болған **жоқ**  
Шақырып жатыр дегесін  
Атқа тура ұмтылдым  
Тізгінінен ұстап **шал** беріп.  
Аттың ұстап жалынан  
Тастай бердім қолдан таяқты  
Үзенгіге салдым **аяқты**  
Азамат ерлер жақсы ғой

Жүдеп жүрген көріп халымды  
Есіркеп сырттан аяпты  
Жетіп келсем оларға  
Отыр екен мырзалар  
**Ақ шатырдың ішінде**  
Масаты кілем үстінде,  
Кілең сауыр мәс пен кебісті.  
Дастархан жайып құрметтеп  
Төкті түрлі жемісті  
Жез самаурын қайнаулы  
Союға бағалан байлаулы  
Тәрбиелері сондай келісті.  
Сол құралында соны жырладым  
Келтірдім сөздің ырғағын  
Сөзімді айтқан сырладым.  
Бұлдағанын айтайын  
Ңолдарына алып шиланды  
**Ақшаға** алдымын толтырып  
Сыйлады беріп барларын  
Шумақ меркеш ішінде  
Бас піркәншік айтты. «Жігіттер,  
Ңашаған бізде қалсын» — деп  
«Қойға бар» — деп бұйырды  
Менен басқа малай балдарын  
Содан бас піркәншіктің қасында  
Үкі бөрік басымда  
Мінгенім әсем ат болды.  
Сусыныма қызыл шәй  
**Шайнауыма** май мен ет болды.  
Сонан соң көніл шат болды  
Бұл жерде жүріп тағы да  
Самараға келіп біз тұрдық  
Бір ай сонда қой қырдық  
Сонда да бейнет кетпеді  
Тағдырдың малай еткені  
Жаман ауру тап болып  
Бозқырау деген амалда  
Азар түстім арбадан  
Ағашты үстап жағалап  
Жығылып жерге құладым,  
**Сағынып** елді жыладым.  
Нара терге боянып

Бір уақыттар болғанда,  
Жеңіліп бойым қалыпты,  
Көтерсем басты оянып.  
Бұл аурудан жазылып  
Мен содан елге жылыстым  
Аман сау елге қауыштым  
Төменгі ұсақ байұлы,  
Жеріне қарай ауыстым  
Жақсылардың жиған дәuletті  
Қонақ жайлышпен тауыстым  
Сол күндердің уақытында  
Жанат ішік, камқа тон  
Үстіме болды кигенім,  
Жүйрік пенен жорғалар  
Астыма болды мінгенім  
Сұлулар болды тандап сүйгенім  
Еңбегімді еткен сыйлады,  
**Өнерден** дәulet жинадым  
Алдамшы дүние қайтейін  
Бір тұяқ қалмай артымда  
Өзімнен-өзім күйгенім.

## «ТОПАН»

1899 дөңіз жылы Каспий теңізі тасиды. Тасқын атыраудағы елді мекенде алып кетеді. Көп адам суға кетеді. Үй-панасы, ас-тамағы, киім-кешегі, малы тасқынға кеткен ел көп қыйындық көреді.

Бұл апатты өз көзімен көрген Қашаған халық мұнына ортақтасып, жыр шығарады.

Қазақтың ұлы халық композиторы Құрманғазы бұл оқиғаға арнап өзінің атақты «Көбік шашқан» дейтін тамаша күйін шығарады.

Ноғайлының елінде,  
Ушқияның жерінде,  
Асан қайғы бас болып,  
Қайғыменен өтсе де,  
Нарынды тастап кетсе де,  
Құтты екен бұл қоныс,  
Баққан қойы бүркіттей,  
Дулығасы үйген іскірттей,  
Кәрі биесі жөн алған,  
Нарлары семіз қом алған,  
Кәрі саулығы шайлаған  
Еркек қой мен тоқтысын,  
Шаруасы ерте байлаған.  
Ерлері бар еді егескен,  
Дұшпанымен шенескен,  
Абройы асқардай,  
Не жақсымен теңескен,  
Құбарлан ертіп, құс салған,  
Лашын, сұңқар ұстаған,  
Елеуретіп екі жүйрік жетектеп,  
Сулығын алтын бедерменен кердірткен,  
**Жалын** сабаутіспен тердірткен.  
Мынау Еділ мен **Жайық**, Жем екен,  
Бұл жетімдерге жем екен,  
Шөбі малға май бол ар,  
Аш, арыққа жай болар,  
Қашаннан да бұл қоныс  
Құтты болған жер екен  
Өзегі де қайырлы,  
Аш, арығы сүйреп жайді екен,

Бекіре менен жайынды.  
Балқашын орып мал жеген,  
Аралас үйрек, қаз жеген.  
**Малының жақын өрісі.**  
Құлынның ұзын желісі,  
Еділ мен **Жайық**, Нарынның  
Осылай екен келісі  
Және бір жайды айтайын,  
Ноғайлының елінде,  
Үш қиянның жерінде,  
Талай хандар шалқыған.  
**Шалқыған** хандар алқынған  
Менмендік таскан шағында,  
Тоқтамыс елі шарпылған.  
Патшалар да ауған тағынан,  
Мыңғырған малды байлардың,  
Ңонысы кеткен жонынан  
Мынау бір өткен уақиға.  
Бұдан да хабар берейін:  
Тайшың **ханның** елі толғенда,  
Орманбет **ханның** елі толғанда,  
О да келіп бір күні,  
Бір құтырған құртқа жолықты.  
Орманбет хан сол кезде,  
Ңайтерін білмей торықты,  
Бұлдіруге көп елді.  
Арша деген **ағашқа**  
Бір боз торғай келіп қоныпты.  
Құтырған құртты қағып жеп,  
Ңұтырған торғай шырлайды,  
Көкке қарай зырлайды,  
Ңанатын сілтеп пырлайды  
Өзінен зордан қаша алмай,  
Жүрегін торғай баса алмай,  
Шарықтап жүрген бүркітке,  
Шапқан екен торғай тайсалмай.  
Окиға бұрын **болған** көп,  
Ойласаң шығар түрлі **көп**.  
Ңара бүркіт құтырды,

Әлгі боз торғайды қағып жеп.  
Құтырып бүркіт желденді,  
Еділге қарай еңменді  
Ұлы Еділдің бойында  
Жүзіп жүрген нән балық  
Салған екен соған шенгелді.  
Нән балық жаңын қарманды,  
Желігіп келген бүркітті,  
Жұтып салып жалмады.  
Бір шәй ішім мұрсат болмады,  
Нән балық та құтырып,  
Суға сыймай сандалды.  
Желігіп балық сандалып.  
Жағаға шықты қайырлап  
Қайырлап жатқан балықты,  
Су, жағалап қыдырған  
Көрген екен батыр Сайынжан.  
Балықты жеді елі алып,  
Жеген елдер құтырып,  
Біреулерді біреу жеп,  
Азайған сүйтіп көп халық.  
Бұл қоныста көп еді,  
Талай бір толып шалқыған.  
Жем аяғы пайда деп,  
Келуші еді бұл жерге,  
Мал іздеген талапкер,  
Ырғыз бенен Торғайдан  
Ңара өзен мен Сары өзен,  
Ішкі орданың халқынан  
Хиуаның Түрікпен, Сартынан,  
Пайдалы деген даңқынан.  
Қайтушы еді еліне,  
Мекен еткен жеріне,  
Амал жұлдызын атқарып,  
Ақшаға жаны толулы,  
Әбден жолы болулы,  
Азаматтары мактанып,  
Келген- жаяу аттанып,  
Көңілдері шаттанып.  
Жем аяғы бұл күнде,  
Толығып еді мал айдал,

Төрт түлік дәulet-қара айдал.  
Сарытау, Самар, Қазаннан,  
Талапқа келген саудагер,  
Бұ да көкке карады,  
    Назына жинап сарайла,  
    — Сахараның елі сасық, деп,  
Баруға алыс қашық, — деп,  
Шаңды аяқ елге бармалың,  
Келе алмаспыш асып, — деп  
Кемітуші еді жек көріп,  
Ной баққанды қорлық деп,  
Наданның сөзі зорлық деп,  
Сахараның елін көшпелі,  
Бүгін де бұлар талаптан,  
Ақша тапты есептеп  
Мамықтан жақсы төсек деп,  
Тасқандардан сөз шықты,  
Сиырдан жақсы есек деп.  
Көп болды сондай тасқандар,  
Әлін білмей асқандар,  
Пиғылына солардың,  
Набыса жаздал аспан жер.  
Тәкаппарлар көп еді,  
Төгілуге сірә дөп еді.  
Бұл арада мал тапқан,  
Бір шүкірлік қылмады.  
Бір азамат ерде даulet кем болса,  
Кабаннан жаман қарынбай,  
Жан екен деп оны білмеді,  
Көзіне тіпті ілмеді.  
Мінейін деп базардан,  
    Жұз теңгеге ат алды.  
Киейін деп базардан,  
Ңызыл күрең зат алды.  
Ауылдағы қатындар,  
Өзі барып базардан,  
Кымбатына мата алды.  
Дара бешпет ақ көйлек,  
«Мынау кімнің қатыны» атанды.  
Сахарадан ауылы көшкенде,  
Сиырға жүгі, сыймаған,  
Арқалап жанын қинаған,

Бұл уақыттар болғандā,  
Көрі қоспақты мал демей,  
Түзеді нармая мен қатарды...  
Сорпаны төкті майменен,  
Сусыны қанып шәйменен,  
Қалаға келген бил ері,  
Арак ішіп елірді,  
Кеудесі бұған семірді.  
Тиіссіз жерге дәulet төгулі..  
Қайыры жоқ кілең қасқа бай,  
Айдаған малға нуанып,  
Ной қозыға жұбанып.  
Налалы жерде мырзасы,  
Қос арғымақ пар жегіп,  
Тарантас арба туарып.  
Кәршондікке қамалып,  
Нәпсісін шайға суарып.  
Нешелер дариямын дегеннің?  
Талайы қалды суалып.  
Етпеді ешкім канат,  
Тап болмай қайтсын ғаламат.  
Көп болды мұндай тасқандар,  
Әлдерін білмей асқандар...  
Нұтырынған бір құйын,  
Кетірді-ау жаман ел қүйін.  
Нара дауыл соқты да,  
Үй қирады бесінде.  
Келер деп мұндай уақиға,  
Болмады жұрттың есінде.  
Ғаламат болды айтқандай,  
Жұманың ақшам кешінде.  
Таудан биік сендерді,  
Бұлтпен бірге көшірді,  
Адамның алды жатқанда,  
Көз ұйқыға батқанда,  
Тerezeden су құйды,  
Биіктен келіп сен үйді.  
Қызылды-жасыл су журді,  
Сұрапылдың желі зулады.  
Зілмәнкенің үстінен  
Ұлтарақтай қара жер таппай,  
Қол ұстасып жұрт шулады.

Садақа айтты сасқанда-ай,  
Зілмәңкенің басынан,  
Мұз жапырып асқанда-ай.  
Мылтықтың атқан оғынан,  
Бір де осал тимеді,  
Нұтылмады қашқындар.  
Екпінмен мұздар соққанда,  
Кәршондіктегі мастардың,  
Кеудесі кетіп бас қалды.  
Түкірігі жерге тұспеген  
Тәкаппарлар мұзды жастанды.  
«От ішінде сақта» деген сөз  
Найсысын аман сақтады?  
Ғаламат мұндай болған жок,  
Таңертең тұрып қараса,  
Кейбіреу жетім жас қалды,  
Талайлар мұзды жастанды.  
Біреулер қалды атасыз,  
Біреулер қалды анасыз,  
Біреулер қалды баласыз,  
Біреулер қалды жалғыз қарасыз.  
Аюдан мықты білекті,  
Ңабыландай батыр жүректі,  
«Кесті деп алла тілекті»,  
Ел айырылды ерінен,  
Сөзі менен дем берген,  
Адасқанға жөн берген,  
Ақылғөй абзал кенінен.  
Кербездер кетті керілген,  
Бір басуға өрінген.  
Біреулердің белі сынып майырылды,  
Біреулердің қанаты сынып қайырылды.  
Бір атадан біреулер,  
Жалғыз қалып қайғырды.  
Таппай кетті боз бала,  
Тал ай сұлу қызғалдақ.  
Талайдың кетті өсемі,  
Таспағанға тасқанның  
Бұ да тиген өсері  
Қырғауылдай қызыл нар,  
Алшандаған асаулар,  
Азбарда тұрып жем жеген,

Аяғын әсем сермеген,  
Кербездер .. мінген ат кетті.  
Байлардың жиған тырнақтап,  
Сарала дөнмент қылыш бау,  
Мұра деп салған зат кетті.

Әкімдер кетті мөр алған.  
Бақытпен байтақ ел алған.  
Білдірмей келген апатты,  
Қайсысы сонын көре алған.  
Ңайыры бол сын артына,  
Талайлар солай жоғалған.  
Ғаламат болды айтқандай,  
Әркім қалды тентіреп.  
Уақиға болды қауыста  
Алдында өтті ақырап.  
Бәйтеректер жығылды,  
Төгілді суға жапырақ.  
Бір параны мұз алды,  
Бір параны жеп алды.  
Аяулы талай жандардың,  
Ит пенен қасқыр жеп,  
Кеуделері қызарды.  
Бір атадан жүзден көп,  
Бір атадан мыңдан көп,  
Көме алмай жерде тоң қалың,  
Арбамен үйді сатылап.  
Ғаламат мұндай тұс **болды**,  
Алтындар азып мыс болды.  
Әлпештеген арудың,  
Кеудесіне қара нұс қонды.  
Ғаламат сондай күн болды,  
Көз көрмейтін буалдыр.  
Ңараңғы тұман тұн болды.  
Орыстың баржа кемесі,  
Мықтап қаққан діңгегі  
Бір соққанда дауыл күл **болды**.  
Су тасқыны тау болды.  
Таудай толқын жау болды.

Соққан желдер күш болды,  
Мұндай заман тұс болдьт.  
Тұн ортасы болғанда,  
Желдің түбі **бұрғылған**,

Бәлеге қашқан ұрынған.  
Малынан пайда қөрмеген,  
Ңанағатсыз Қабанбай,  
Барын жоқ деп ңұрынған.  
Жұлдызды жатқа санасақ,  
Қисап етіп қарасақ,  
«Мың тасқанға — бір тосқан»  
Бар емес пе еді бұрыннан?!

Кейіндегі бозбала,  
Налыманыз, шырағым,  
Күндердің күні болғанда,  
Көк дария көл болса,  
Бай мен жарлы тең болса,  
Суда-балық, қырға-егін,  
Бәле-бәтер жоқ болса,  
Диханшылық көп болса,  
Талаптың күші сеп болып,  
Кетерсіз дағы ел болып.

## **АРАЛБАЙДЫ ЖҰБАТУЫ**

Аралбай ақын жалғыз ұлы Берекет өліп, қамығып отырғанда үйіне замандасы Ңашаған келеді. Бұл жайдан хабарсыз көптен көріспеген Қашаған: — **Лебізінді сағындым,** домбыранды шалып жібер» — дейді. Аралбай Ңашағанға мұңын ағытады. Сонда Қашаған былай дейді.

Замандас інім Аралбай  
Мен білмей қалдым балаңды-ай  
Тәуекел **хакқа** шүкір ет  
Аузыңа алма **жаманды**-ай  
**Басқа** түссе амал жоқ  
Көтерер жүкті адамға-ай  
Мен сасып қалдым қапыңда  
Біле алмай сөздің парқын-ай  
Жылағанмен не пайда  
Ңайырын берсін артын-ай  
**Шайтанинан** алла **сақтағай**  
**Тамұқтың** оты шарпымай  
Жаратылған екен адамзат  
Дүйсенбі күні бесінде  
**Мақпұз** бенен лауқыңай  
Мұсылманның ұлына  
**Көусардан** шарап татызбай  
Кең сарайда **жатқызғай**  
**Мәңкір-наңқұр** келгенде  
Жауабын жеңіл **айтқыңғай**  
Замандасым, Аралбай  
**Тұяғы** бүтін тұлпар жоқ,  
Қанаты бүтін . сұңқар жоқ  
Кей пендеде іні жоқ,  
Інісіз жанның күні жоқ  
Кейбіреуде аға жоқ  
Ағасыз жанда жаға жоқ  
Кейбіреуде бала жоқ  
Бермесе перзент шара жоқ  
Болаттан бекем бол деген  
Болдырғанға болмасқа  
Уайым, ашу жарамас,  
Сіздей бір жанға жолдасқа  
Ашу деген — көк бөрі  
Ақылыш қорған тал болар

Тәуекел — қайық, сал болар  
 Ойлап кетсөң жеткізбес  
 Түсіп кетсөң бойлатпас  
 Уәйім деген жар болар  
 Ойлағанда, Аралбай,  
 Өмір бір дулы шәһр болар.  
 Бұл өмірде нелер жоқ  
 Біреу кем, біреу хан болағ ,  
 Басына ңайғы түспеген  
 Мен-менге қайғы таң болар.  
 Ақыл деген — кой болса  
 Ашу деген көк бәрі,  
 Бәрі қойға жолықса  
 Дүние қиғаш шаң болар.  
 Сабыр етші, Аралбай  
 Айы біткен айда өлер  
 Қуні біткен қунде өлер  
 Жанына ажал келген құн,  
 Таңға жетпей тұнде өлер  
 Турагап өлім тап болса, .  
 Жалғыздар емес кім де өлер  
 Өлімге қатты налиды  
 Кейбір де кейбір пенделдер.  
 Басы сау есен бай кісі  
 Өз айтқаны жөн келер  
 Орынды жерде сөйлесем —  
 Кызыл тілім дөңгелер  
 Айтып-айтпай не керек  
 Сені мен менің қасымда,  
 Даладан аңсап келгенде  
 Алдыман — атам келді. — деп  
 Құліп-ойнап кім келер?!

### БЕГШ ТӨРЕГЕ АЙТҚАНЫ

1900 (тышкан) жылы казан айында терістіктен ту тігіп туре көтерілген жаңбыр аралас дауыл Каспий теңізіне аж-жал толқын үйіріп, жағалау біткен ашы судың астында қалады. Жем өзені де арнасынан асып, алыс қыырға жайлайды. Бұрын-сонды көз көріп, құлақ естімеген табиғаттың тосын окиғасы сол кездегі Қанбакты қаласын (Жылой ауданы) шарпып, халықты мал мұлкінен айырып орны толмас шығынға ұшыратады, ауыр казаға душар етеді. Болтан апатты көріп, біліп, тексеріп, корытындысын шығару

үшін Гурьевтен ояздың көмекшісі руы Шеркеш Бегім төре жіберіледі. Қайғы-қасірет шегіп, қабырғасы қайыскан, күйзелген жұрттың жай-күйіне жергілікті үстем тап өкілдері тарапынан материалдық көмек болмайды.

Қаңырап қалған Қаңбақты қаласында жүріп Бегім төре халықтың қорқынышты хал-ахуалын өлеңмен өрнектеп, топ ортасында отырған Қашағанға кезігіпті, осы кезде ал-пыстарды алқымдаған айтулы ақынға Бегім:

— Төре келгенін естімеп пе едің. Хабар-ошарсыз қамсыз жүргенің қалай өзі? — депті. Сонда Қашаған:

Нақ сүйерім төре ме?  
Төре барды көре ме?  
Киямет күн туғанда  
Қара байға ере ме?  
Қындықта жұртыммен біргемін менің  
жұбым бір, —  
Нол ұшымды берерге!

десе **керек**. Күтпеген жауапқа тосылған Бегім көпшіліктен сескеніп «Қашеке, алға тыңдайтындай бірдене айтыңыз» деп әңгімені басқа жаққа бұрып жіберіпті. Қашаған жүзі көнілсіз, қабағы салыңқы қаумалаған ағайын алдында былай жыр төгілдіріпті. (Өлең толық күйінде сакталмаған).

Бегім төре, нәніміз.  
Сөзге құлақ салыңыз.  
Айтқаныма наныңыз.  
Тауқымет тартып тосыннан  
Болмай отыр халіміз  
Аз ғана тарих айтайын  
Саралап, талғап алыңыз.  
Откен күннің шежіресі  
Не зият, не жат таныңыз.  
Еұлағын жырдың көзейін  
Қызыл тілді безейін  
Көзінен сусап қаныңыз  
Шырқатайын шығандап,  
Келгенінше әліміз.  
Шамыңа тимей қарайын,  
Жыр құмартса жаныңыз.  
...Ноғайлының елінде  
Үш қиянның жерінде

Ақ Жайық пен Еділде  
Талай ерлер ар тұнған  
Басынан бақыт ауғанда  
Пошымы аумай ғарпіңен.  
Құрықтаулы аттай алқынған.  
Дәреже тапқан ерлер бар  
Саланың бойы салқыннан  
Едігедей ерді қорсынған  
Тоңтамыс ханның елі де  
Ңапияда отқа шарпылған  
Бақыты баста тұрғанда  
Орыс жұрты қорықты  
Орақ пен Мамай даңқынан.  
Талайлар ауған тағынан,  
Айрылған атақ-бағынан  
Ңыдыр көрген байлардың  
Ңоңсылары кеткен жанынан.  
Батырлар өтті аруаңты  
Ңанжығасы қанға малынған,  
Сүңгі өтпес сауыт жамылған,  
Дүшпаннан кегі алынған  
Ол да кеткен шарасыз  
Көлденең жатқан Нарыннан  
Ол кездегі Нарынның,  
Тоқтығы перен іркіттей  
Ңаршығасы қара бүркіттей,  
Нарлары семіз қом алған,  
Кәрі биелері жал алған,  
Кәрі саулықтары шайлаған  
Сағызын нандай шайнаған  
Ерек қой мен тоқтысын  
Шырынына шөптің «байлаған»,  
Ерлері өткен егескен,  
Үрпаңтары көп өскен,  
Үлкен бір іске көшерде  
Көшелі қарттай кеңескен.  
Мырзалары мардымсып  
Ңабылан ертіп, құс салған  
Лашын, сұңқар ұстаған  
Томағасын әдіпте,  
Макпалменен тыстаған.  
Сұлуларын сымбатты

Алтын зермен көмдірген,  
Сала құлаш бұрымын  
Сабау таспен тердірген.  
Жүйріктерін жүйткітіп  
Алысқа сап көрдірген...  
Еділ, Жайық, Нарынның  
• Малыныңалыс өрісі,  
Құлышының ұзын желісі  
Осылай еді келісі,  
Табиғаттың берісі.  
Балдырын балдай мал жеген,  
Арал ас үйрек, қаз жеген  
Кейбір байы қайырлы —  
Аш-арығы көп жеген  
Бекіре мен жайынды  
Күндердің күні болғанда  
Орыстар\* зорлық етер деп  
Жағама қолы жетер деп  
Ерлерім подкуп\* кетер деп  
Асанқайғы бабамыз  
Жерінен безіп сол үшін  
Амалсыз тастап кетіпті  
Еділ, Жайық, қонысын,  
Еділ мен Жайық. Жем еді,  
Жетімдерге мол еді.  
Қашаннан-ақ бұл қоныс  
Ашулы қақпан арындей  
Кәуіті болған жер еді.  
Шөбі малға май болар,  
Аш-арыққа жай болар,  
Төрт түлігі сай болар,  
Баға білген бай болар.  
Әлеумет, пәмді ішпен сез,  
Асанқайғы атам айтқан сөз  
Сөйлейін сөздің парқынан,  
Жаңылмай жырдың салтынәл.  
Бұл қоныста көп еді.  
Тасып та талып шалқыған,  
Құйқалы жерде қонысы  
Норғасындей балқыған.  
Дүние ізден алғыстан.  
Дәру тауып даңқынан

Келуші еді бұл жерге  
Ішкі орданың халқынан.  
Хиуаның өзбек сартынан.  
Бекіресі **Жайықтың**  
Асыл еді алтыннан,  
Іісі жұпар **аңқыған**  
Байлығына **қызығып**  
**Жетпекке** талай талпынған,  
Кош-кериен бет түзеп  
**Жүк** тиеп жолға артынған  
Саудагер мұнда мақтанып,  
А уыздарынан ақ тамып,  
Ақшаны жинап, тақта қып,  
Нәңілдері шаттанып  
**Кететін** қайтып **аттанып**,  
Жем мен **Жайық** нұт еді,  
Верекелі қазаным,  
**Қызығы** мол базарым,  
Ақ шуақты ажарым  
Кешіп жатыр басынан  
Келімсектер мазағын,  
Бұл күндері дарияма  
Көз тастасам қарайлап,  
Біреулер жүр лайлап,  
Біреулер жүр мал айдалап,  
Ноғайлар тапқан жан айла  
**Жиыпты ақша сарайлап.**  
Сартау, Самар, Ңазаннан  
Келгеннің **қызық** көргені  
Та стары өрге өрледі,  
Билеп **ап судың** балығын  
**Жергілікті халықтың**  
**Жеуіне де бермеді**,  
Ашылған әбден араны  
Орыстар көкке ңарады  
**Нойдан момын қазаққа**  
Жасамады көмегін.  
**Ңазынадан қарыз жок**,  
**Жоқтамады** керегін.  
Сахара жұрты ашың деп,  
Білімнен мұлде **қашық** деп  
Зердесіз **елдің** байлығын

Нарпып қалуға асық бол,  
Шелденді олар тасып кеп,  
Көшпелі жұрттың еңсесін  
Сықпа нұрттай басып кеп.  
Нанағаттан айырылып  
Аңша жиды есептеп  
Мамық жиды төсек деп  
Тасқандардан сөз шыңты  
«Сиырдан жақсы есек» деп.  
Бас көтерген қазақты  
Бәлеге салды өсектеп.  
Тәкаппарлар да көп еді  
Парақтары жоқ еді  
Қазақтың дарқан жерінде  
Насиет бар демеді.  
Ес бар деп елде білмеді,  
Ерлерін көзге ілмеді.  
**Жазықсыз** салып қырсыққа  
Жәбірлеп **босқа** тілдеді  
Базарға барса мастанып  
Жүз теңгеге ат алды,  
Ңымбатына қарамай  
Кызыл-жасылды зат алды.  
Әйелдері құтырып  
Асыл жібек мата алды.  
Нара камзол, **ақ** көйлек  
«Керім қатын» атанды.  
Үн мен шайға толтырды.  
Тең байлаған атанды.  
Третий астық, кантон шай  
Бұдан аузын қатарды.  
Көрт қоспақты мал демей  
Тұзеді нармен қатарды.  
Тентек болса бір қазаң  
Тұрмеге сүйреп апарды.  
**Қалаға** келген билері  
Арақ ішіп елірді,  
Кеудесі бұған семірді  
Кәкімдері болды **жебірлі**  
**Қисапсыз** дәulet төгулі  
**Папиростары** шегулі  
Сахарадан көшерде

Дүние болды **жиғаны**  
Сырға жүгі сыймады  
Малдың жаңын **қинады**  
Байлыққа бөккен **иттердің**  
Болмады-ау тіпті иманы.

подкуп\* — параға **сатып** алу.

**орыс\*** — бұл **алпауыт орыс көпестері мағынасында**.